



ТАҚЫРЫБЫ:

Дәріленген тұқымның сапасын анықтау
және дәрілердің тұқымның өнгіштігіне,
өскіндердің дамуына әсері





Жұмыстың мақсаты: ауыл шаруашылық дақылдарын дәрілеумен өңдеуді үйрену.

Зерттеу нысаны: Бидай, арпа, жүгері тұқымдары, тұқым дәрілері: 80%-дық с.ұ. ТМТД, 115 т.к.с., дивидент экстрим, Петри табакшасы, сүзгі қағазы, су, техникалық таразы, гiр тасы, мензурка, сызғыш және т. б.

Тұқым дәрілеу - себілетін (отырғызылатын) материалды ішкі және сыртқы өсімдік аруларынан, егістікке себілген тұқымды және көктеп шыққан өскінді топырақ зиянкестері мен ауру таратушы микроорганизмдерден қорғау үшін химикалық заттармен зарарсыздандыру.

Жүйелі тұқым дәрілеу кезінде бірқатар зиянкестер мен ауру қоздырғыштары жойылады. Тұқым дәрілеу сонымен қатар тұқымның өнгіштігін, көктеп шығуын тездетеді. Тұқым дәрілеу құрғақ, жартылай құрғақ, сулы, ылғалды болып бөлінеді.

1. Құрғақ тұқым дәрілеуде ұнтақ түріндегі пестицидтермен дәрілейді.

2. Жартылай құрғақ тұқым дәрілеуде тұқым пестицидтің судағы ерітіндісімен өңделеді (1 т тұқымға 20 – 30 л дәрі бүркіп, дәрі бойына сіңгенше бетін жауып қояды).

3. Сулы тұқым дәрілеуде ұнтақтың сулы ерітіндісін бүркіп шашады да, бұқтырғаннан кейін кептіреді.

4. Ылғалды тұқым дәрілеуде тұқымдық дәнді дәрілеуші машиналарда сұйық дәрілермен өңдейді.

Ауыл шаруашылық дақылдарының тұқымы себілгенге дейін әр түрлі мерзімде дәріленеді.

Ең тиімдісі тұқымды себерден, көшетті отырғызардан 2 – 3 ай бұрын немесе одан да ертерек дәрілеу. Тұқым дәрілеу үшін тұрғын жайлар мен мал қораларынан, ішуге жарамды су көздерінен 200 м қашықтықта болатын ашық немесе төбесі жабылған алаңқай алынады. Тұқым дәрілеумен айналысатын жұмысшыларға арнайы киім беріліп, олар қауіпсіздік техникасын сақтауы керек.

ЖҰМЫС БАРЫСЫ:

Дәрілеудің шығын мөлшерін есептеп, анықтау.

Дәрілеудің нақты шығын мөлшерін анықтау.

Толық дәрілеуді анықтау.

Тұқымды көктеу кезінде дәрілеуді анықтау.

Дәрілегеннен кейін 7 күннен соң өскен тұқымның тамырының ұзындығын анықтау.

Дәрілегеннен кейін 7 күннен соң өскен тұқымның сабағының ұзындығын анықтау.



***Назарларыңызға
рахмет!***

